



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 37 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2013 жылғы 25 қазан

*Ұлттық Банк филиалдарының
номиналы 1000 теңгелік 1994 жылғы үлгідегі және
номиналы 2000 теңгелік 1996 жылғы үлгідегі банкноттарды
қабылдау және айырбастау мерзімінің аяқталуы туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының айналыстағы ақша белгілерін ауыстыру туралы» 2001 жылғы 29 қыркүйектегі № 377 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдары 2003 жылғы 1 қарашадан бастап номиналы 1000 теңгелік 1994 жылғы үлгідегі және номиналы 2000 теңгелік 1996 жылғы үлгідегі банкноттарды жеке және заңды тұлғалардан қабылдайды және олардың түпнұсқалылығы сараптамамен расталғаннан кейін айналыстағы жаңа ақша белгілеріне айырбастайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 31 қазанда Ұлттық Банк филиалдарының номиналы 1000 теңгелік 1994 жылғы үлгідегі және номиналы 2000 теңгелік 1996 жылғы үлгідегі банкноттарды қабылдау және оларды банкноттардың жаңа үлгілеріне айырбастау мерзімінің аяқталатыны туралы хабарлайды.

2013 жылғы 1 қарашадан бастап Ұлттық Банктің филиалдары номиналы 1000 теңгелік 1994 жылғы үлгідегі және номиналы 2000 теңгелік 1996 жылғы үлгідегі банкноттарды қабылдамайды.

Номиналы 1000 теңгелік 1994 жылғы банкноттың үлгісі



Номиналы 2000 теңгелік 1996 жылғы банкноттың үлгісі



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады: +7 (727) 270-46-39
E-mail: press@nationalbank.kz, www.nationalbank.kz